Aşağıda verilen metni okuyunuz, metnin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içeriği hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Şaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

### Шарын шатқалы

Шарын... Алматы облысының Ұйғыр және Райымбек аудандары аумағында орналасқан осы бір табиғат нүктесі газет-журнал беттерінен түспейді. Иә, өйткені мұндағы қызыл кеміш топырақты сайлар, оның аңғарындағы тастар мен шыт-шыт болып жарылған тақырлар атақты "Маккен алтыны" фильмі түсірілген Чилидегі атақты Атакама шөлін көзге елестетеді.

Шарын шыңырауларының жер бедері Америка, Австралия құрлықтарындағыдай саванналық көрініске ие. Шатқалдың маңында жұмбақ тоғай бар. Онда темір сияқты өте қатты, ыстық температураға шыдамды ағаш өседі. Бұл — ерен ағашы. Оны бүгіндері шетен деп қате айтып жүр. Республикамыздағы жиһаз жасайтын фирмаларға таптырмас шикізат болатын ерен ағашы өсетін жалғыз тоғай міне, осы Шарын шатқалында. "Мұндай ағаш Орталық Америкада ғана бар" — дейді энциклопедиялық анықтама.

*(Ж. Әлиханұлы)*